

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университетта

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/UMJO2472>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TWOL7295>

***А. О. Сыздықова¹, Г. Ж. Азретбергенова²**

^{1,2}Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*e-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz

ӘЛЕМДІК САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қазіргі таңда әлемде сақтандыру үрдісі кең қарқын алуда. Қазақстандағы сақтандыру – бұл банк секторынан кейінгі еліміздегі қаржы секторының екінші маңызды саласы болып саналады. Сақтандыру қызметтері экономикалық өмірде маңызды рөл атқарады. Бұл қызметтер экономикалық активтерді қорғауға мүмкіндік берсе, сонымен бірге корпоративті жинақты ұлғайтуға көмектеседі. Сақтандыру негізінен тәуекелдерді, шығындар мен шығындардың әсерін азайтады, қаражат жасайды және төлем балансына ықпал етеді деп айтуға болады. Осы сақтандырудың атқаратын қызметтерді ескере отырып, сақтандыру – бұл сақтанушының көзқарасы бойынша сенімділікті тудыратын, мүмкін зиянды болдырмауға бағытталған шараларды қабылдайтын, экономикада капитал жинақтауға мүмкіндік беретін және ұлттық құндылықтарды ұлттық мағынада қорғайтын қаржы секторы. Бұл зерттеудің мақсаты экономиканың қозғаушы күші мен даму деңгейінің индикаторы болып табылатын сақтандыру секторының әлемдік нарығында Қазақстанның орнын салыстыра қарастыру болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстанның сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері мен даму деңгейі талданды. Сонымен қатар зерттеуде Қазақстандағы өмірді сақтандыру саласы қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Қазақстанда сақтандыру секторының ЖІӨ-дегі үлесі 2 %-дан аспайды, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 8-12 %-ды құрайды. Зерттеуде сақтандыру секторының төмен көрсеткіштерінің ықтимал себептері талқыланды.

Кілтті сөздер: сақтандыру секторы, Қазақстан, өмірді сақтандыру, жалпы сақтандыру, сақтандыру сыйлықақысы.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде сақтандару нарығы бойынша қарқынды даму үрдісі артқанын көруге болады. Әсіресе 2020 жылы әлемді шарпыған COVID-19 пандемиясынан кейін сақтандыру нарығында тәуелділікке қарай бет бұрды [1]. Сақтандыру бүкіл әлем бойынша өзінің өсу қарқынын біртіндеп арттыратын секторға айналды, бұл урбанизацияның біртіндеп ұлғаюымен және өндіріс пен өндіріс құралдарына салынған капиталдың өндірістік қозғалыстар процесіне параллель өсуімен байланысты деп қарастыруға болады [2]. Осылайша, сақтандыру секторының даму деңгейі дүниежүзіндегі барлық елдердің экономикалық және әлеуметтік жағдайының индикаторына айналды.

Сақтандыру – қауіптер мен қатерлер алдын-алу, қорғауды қамтамасыз ететін құралдардың бірі. Сақтандыру секторы жеке тұлғалар, компаниялар мен мекемелер үшін түрлі тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету сияқты бірнеше маңызды функцияларды атқарады. Сақтандыру секторы – елдің дамуына тікелей қолдау көрсететін маңызды қаржы секторы [3]. Сақтандыру жеке тұлғалар мен активтерге өмір сүруі белгісіз және келешекте орын алуы мүмкін қауіп-қатерге кепілдік береді, алдын-ала төлемдер жасалуы мүмкін қауіптен туындаған зиянды өтейді. Сонымен қатар, ұзақ мерзімді ресурстарды қаржыландыру арқылы экономиканы нығайтады, қаражат жасайды және мемлекетке салықтық түсімдерді қамтамасыз етеді. Салықтық түсімдердің негізінде, елдердің экономикасының өсуі мен дамуында өте тиімді және маңызды сала болып табылады. Қазақстанда сақтандыру нарығындағы сақтандыру компаниялары, «өмірді сақтандыру» немесе «жалпы сақтандыру» саласында лицензияланған қызметті жүзеге асыра алады. Сонымен бірге екі салада бір уақытта қызметті біріктіруге тыйым салынады. Өз кезегінде, «өмірді сақтандыру» саласы ерікті сақтандырудың екі сыныбын қамтиды: «өмірді сақтандыру» және «аннуитеттік сақтандыру» [4]. Жалпы сақтандыру дегеніміз материалдық шығындар мен залалдарды сақтандыру болып табылады. Жалпы сақтандыруды өрттен сақтандыру, жазатайым оқиғалардан сақтандыру, көліктік сақтандыру, инженерлік сақтандыру деп бөлуге болады. Өмірді сақтандыруда қарттықты қамтамасыз ету жағдайы бар және адамның артында тұрған туыстарына өмірін жалғастыруға көмектесу үшін жинақтау идеясы бар. Басқаша айтқанда сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткенде, қайтыс болған жағдайда немесе сақтандыру шарты аяқталғанда сақтандырушы сақтандыру талаптарында белгіленген ақшалай соманы төлеуі болып табылады. Кез келген елдің экономикасы үшін сақтандыру кәсіпкерліктің, өндірістің дамуына ықпал ететін тұрақтандырушы, өнеркәсіп, нарықтық қатынастарды реттейді. Бір

жағынан сақтандыру секторы қаржылық жағдайды жеңілдетуді реттеу арқылы шаруашылық субъектілерінің ауыртпалығын және жауапкершілігін арттырады. Сақтандыруды бизнесті, халықты және экономиканы қорғау құралы ретінде дамыту қаржылық шығындардан бүкіл әлемде үлкен назар аударылады [5].

Бұл зерттеуде әлемдегі сақтандыру секторының маңызды көрсеткіштері талданып, Қазақстанның сақтандыру секторының көрсеткіштері, сонымен қатар өмірді сақтандыру саласының жағдайы талданды. Қазіргі кезеңде, сақтандыру нарығы қаржылық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Әрбір мемлекетте, қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей әсер ететін даму деңгейін, дамыған елдердің шетелдік тәжірибесін тиімді қолдану механизмін қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Сақтандыруды қорғау тек сақтандыру компанияларының ғана емес, жалпы мемлекеттің міндеті болып табылады. Сақтандыру нарығының қызмет етуіндегі проблемалық мәселелерді анықтау және дамыту оларды шешу бағыттары, оның жағдайын бақылау және зерттеу қажет.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі [6] мен Халықаралық сақтандыру нарығы бойынша Swiss Re Institute [7] ұйымының статистикалық есептері болып табылады. Зерттеу барысында салыстырмалы және динамикалық талдаудың жалпы ғылыми әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Соңғы жылдары әлемдік сақтандыру нарығы өте жылдам қарқынмен өсуде, тіпті дамыған елдерде сақтандыру секторы қанығу деңгейіне жетті (1-кесте). Алайда дамушы елдерде сақтандырылмайтын бос сыйымдылық айтарлықтай жоғары. Осы себепті дамушы елдердің әлемдік сақтандыру нарығына қосқан үлесі артады деп күтілуде. Бүкіл әлемдегі түбегейлі өзгерістер мен жедел технологиялық дамудың ортасына ілесу үшін қазақстандық сақтандыру саласы бәсекеге қабілетті факторларды қарастыра отырып, өзгерістерге бейімделуге тырысады.

Кесте 1 – Жалпы сақтандыру сыйақы көлемі бойынша үздік 20 ел

№	Елдер	Жалпы сыйлықақы көлемі (млрд АҚШ доллары)		Өзгеріс (%)	Жаһандық нарық үлесі (%)
		2022	2021		
1	АҚШ	2 960	2 725	8.6	43.7
2	Қытай	698	696	0.2	10.3

3	Ұлыбритания	363	374	-2.8	5.4
4	Жапония	338	398	-15.1	5.0
5	Франция	261	293	-10.7	3.9
6	Германия	242	272	-11.3	3.6
7	Оңтүстік Корея	183	193	-5.3	2.7
8	Канада	171	166	2.8	2.5
9	Италия	160	192	-16.5	2.4
10	Үндістан	131	123	6.5	1.9
11	Тайвань	86	113	-23.8	1.3
12	Нидерланды	84	92	-9.2	1.2
13	Бразилия	76	63	20.7	1.1
14	Австралия	72	72	-0.7	1.1
15	Гонконг	69	73	-5.6	1.0
16	Испания	68	73	-6.7	1.0
17	Швейцария	56	58	-3.2	0.8
18	Швеция	54	59	-8.5	0.8
19	Сингапур	47	45	3.9	0.7
20	Оңтүстік Африка	46	50	-7.9	0.7
	Үздік 20 нарық	6 165	6 131	-0.5	91.0
	Әлем	6 782	6 765	0.3	

2022 жылы жалпы әлемдік сақтандыру сыйлықақылары нақты мәнде 8,6 %-ға өсті. АҚШ 2022 жылы шамамен 3 трлн АҚШ долларын құрайтын жиынтық сыйлықақыларымен (өмірлік және өмірлік емес) әлемдегі ең ірі сақтандыру нарығы болып табылады. Одан кейінгі орында Қытай мен Ұлыбритания тұр. Үш нарық бірге жаһандық сыйлықақылардың шамамен 60 %-ын құрайды, бұл көрсеткіш 2021 жылы 56 %-ды құраған. Ең үздік 20 елдің нарықтық үлесі жалпы әлемдік нарықтың 2021 жылы 91 %-ды құрайды. Үндістан алдағы онжылдықта әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан нарықтардың бірі болады деп күтіледі.

Қазақстанда 2024 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 25 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бар, оның ішінде 9 – өмірді сақтандыру бойынша жұмыс жасайды (2-кесте).

Кесте – 2 Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.01.2022	01.01.2023	01.01.2024
Сақтандыру ұйымдарының саны	27	26	25
оның ішінде өмірді сақтандыру бойынша	9	9	9

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны	26	25	24
Ескерту: Қаржы Министрлігінің деректері			

Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2023 жылғы жағдай бойынша 1000 млрд.теңге болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда шамамен 30 % артқан. Өмірді сақтандыру бойынша сыйлықақылардың көлемі 378 млрд. теңге, бұл өткен кезеңмен салыстырғанда 30 % артқан. Жалпы сақтандыру саласы бойынша сыйлықақыларының көлемі 622 млрд.теңге болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда 28 %-ға жоғары.

Кесте – 3 Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының динамикасы (млрд.теңге)

Сақтандыру сыйлықақыларының түсімі	2019	2020	2021	2022	2023
Барлығы	463	511	699	772	1000
Өмірді сақтандыру бойынша	178	195	296	289	378
Жалпы сақтандыру бойынша	285	316	403	483	622
Ескерту: Қаржы Министрлігінің деректері					

Сақтандыру саласы - бұл экономикадағы өзгерістер тез және жоғары әсер ететін қаржы салаларының бірі. ЖІӨ өсетін кезеңдерде сақтандыру секторы ЖІӨ-ге қарағанда жоғары қарқынмен өседі және ЖІӨ төмендеген кезеңдерде ол көбірек қысқарады [8]. 6-кестеде Қазақстандағы сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері келтірілген. Кестеден сақтандыру секторының активтері мен қоса меншікті капиталының ЖІӨ-ге қатынасы 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда жоғарылағанын байқауға болады.


Кесте – 4 Сақтандыру секторының макроэкономикалық көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	2019	2020	2021	2022	2023
ЖІӨ, млрд. теңгемен	59613,7	61819,5	70080,51	83951,6	96410,0
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,88	1,95	2,08	2,18	2,14
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,85	0,90	0,91	0,88	0,80
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен					

	0,43	0,82	0,43	0,83	0,80
Сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	16187,4	27290,5	15997,2	36574	39109
Ескерту: Қаржы Министрлігінің деректері					

Сақтандыру нарығының даму деңгейі Қазақстанда төмен деп айтуға болады, бұл көрсеткіш – жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақыларының үлесімен сипатталады. Сақтандыру секторының ЖІӨ-дегі үлесі 2 %-дан аспайды, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 8-12 %-ды құрайды. Мысалы, Швейцарияның ЖІӨ-дегі сақтандыру нарығының үлесі – 11,9 %, Ұлыбританияда – 11,22 %, Нидерландыда – 9,41%, Францияда – 9,3 %, Финляндияда – 7,6%, Бельгияда – 6,85 %, Германияда – 6,5 %, Данияда – 6,3 %, Португалияда – 5,42 % [9]. Қазақстанда сақтандыру нарығының жоғары шоғырлануы және күшті монополия байқалады [10]. 2022 жылы әлем бойынша 874 АҚШ долларын құрайтын жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақысының көлемі Қазақстанда шамамен 87 АҚШ долларын (немесе 39109 теңге) құрады. OECD елдерінде бұл көрсеткіш 3997 АҚШ долларын құрайды.

Өмірді сақтандыру нарығының даму деңгейі халықтың өмір сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады. Мысалы, экономикалық дамыған елдерде азаматтардың басым көпшілігінде (80-90 %) өмірді жинақтаушы сақтандыру полисі бар. Ішкі нарықта өмірді сақтандыру саласының үлесі 2023 жылдың 1 қаңтарына жалпы сақтандыру секторының 21,7%-ын құрады, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 9 % төмен (3-сурет).



Сурет – 3 2013–2023 жылдарға сақтандыру саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсімі, %

Ескерту: Қаржы Министрлігінің деректерімен авторлар құрастырған.

Қазақстанда өмірді сақтандыру саласы айтарлықтай дамымаған. Мысалы, Еуропа елдерінде өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары сақтандырудың басқа түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларынан асып түседі, бір азаматтың әртүрлі бағдарламалары мен қорғаныс жүйелері бар екі-үш полисі бар. Еуропа елдерінің пруденциялық нормативтері сақтандыру ұйымдарына ақша қаражатын ірі банктердің депозиттеріне де, ірі компаниялардың акцияларына да инвестициялауға мүмкіндік береді [11]. Отандық нарықтағы сақтандыру компанияларының нормативтерін әртарапандыру ҚРҰБ 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №304 қаулысымен регламенттеледі. Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №12 қаулысымен аталмыш қаулыға бірқатар өзгерістер енгізілген [12].

Қорытынды

Қазіргі әлемде сақтандыру секторы қаржылық және кәсіпкерлік қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін экономиканың ең маңызды секторларының бірі болып табылады. Сақтандыру мемлекетке елдің экономикалық деңгейін дамытуға ғана емес, сонымен бірге қол жеткізілген қаржылық және ұлттық әл-ауқатты сақтауға көмектеседі. Нарықтық экономика жағдайында сақтандыру тәуекелдерді басқару процесінің ең шешуші тиімді құралына айналды. Қазақстан табиғи апаттар мен технологиялық апаттардың әсеріне өндірістік және өндірістік емес салалардың

осалдығымен сипатталады. Демек, микро және макроэкономикалық ауқымда сақтандырудың әлеуетті рөлі орасан зор. Алайда сақтандыру нарығының даму деңгейі Қазақстанда төмен деп айтуға болады, бұл көрсеткіш – жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақыларының үлесімен сипатталады. Сақтандыру секторының ЖІӨ-дегі үлесі 2 %-дан аспайды, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 8-12 %-ды құрайды. Қазақстандағы өмірді сақтандыру нарығы жаңа қалыптасу кезеңінде деген қорытынды жасауға болады. Елде өмірді сақтандыруға кіру деңгейі өте төмен, бұл бірқатар себептерге байланысты, олардың негізгілері: адамдардың сақтандыру компанияларына сенімсіздік (көбінесе өмірді сақтандыру шарттары ұзақ мерзімге жасалады); халықтың төмен табысы және болашақта қаржылық тұрақтылыққа деген сенімсіздік; қаржылық сауатсыздық, қызметтердің шектеулі тізімі және өмірді сақтандыру бағдарламалары туралы нашар хабардарлық және т.б. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу осы сақтандыру саласының тиімді өсуіне жағдай жасайды. Елдегі «өмірді сақтандыру» саласы біртіндеп өседі деп болжауға болады, бірақ бұл процесс ұзақ жылдарға созылады. Сақтандыру саласы капитал нарығында өз орнын жоғарылату үшін сақтандыру сыйлықақысы өндірісінің ЖІӨ-дегі үлесін арттыру керек. Сонымен қатар, Қазақстандағы сақтандыру секторының көптеген басқа елдермен салыстырғанда төмен деңгейінің ең үлкен себебі – қоғамда сақтандыру туралы жеткілікті ақпараттың болмауы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Graves, J. A., Baig, K., Buntin, M.** The financial effects and consequences of COVID-19: a gathering storm // JAMA. – 2021. – Vol. 326. – №. 19. – P. 1909-1910. – <https://doi.org/10.1001/jama.2021.18863>.

2 **Lee, H. S., Zhen-Jiang, Y., Qiao-Ming, L. M.** Insurance development and economic growth // Financial Statistical Journal. – 2022. – Vol. 5. – №. 1. – <https://doi.org/10.24294/fsj.v5i1.1057>.

3 **Magee, S., Schilling, C., Sheedy, E.** Risk governance in the insurance sector—determinants and consequences in an international sample // Journal of Risk and Insurance. – 2019. – Vol. 86. – № 2. – P. 381 – 413. – <https://doi.org/10.1111/jori.12218>.

4 **Дальке, А. Ю.** Страховой рынок Казахстана : современный этап развития [Текст] / А. Ю. Дальке, С. С. Масакова // Проблемы современной науки и образования. – 2016. – № 10 (52). – С. 62–65.

5 **Odinokova, T. et al.** Assessment of the financial stability of the Russian life insurance model // Amazonia Investiga. – 2022. – Vol. 11. – №. 55. – P. 285–296. – <https://doi.org/10.34069/AI/2022.55.07.30>.

6 Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Сақтандыру секторының ағымдағы жағдайы. – [Электронды ресурс]: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/activities/847?lang=kk> (Қарау күні: 10.02.2024).

7 Swiss Re Institute. World insurance market developments.- [Электронды ресурс]: <https://www.swissre.com/institute/research/sigma-research/sigma-2023-03/5-charts-wold-insurance-2023.html> (Қарау күні: 10.02.2024).

8 **Prokopjeva, E., Kuznetsova, N., Kalayda, S.** Insurance market development and economic growth indicators: the study of relationship in the world // Economic Annals-XXI. – 2020. – Vol. 185. – <https://doi.org/10.21003/ea.V185-05>.

9 **Markhayeva, B. A., Kozbakhova, D. L.** State and problems of the Kazakhstan insurance sector development // Methods. – Vol. 3. – P. 4–12. – <https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.35>.

10 **Сембеков, А. К.** Страховой рынок Казахстана и современные вызовы [Текст]/ А.К. Сембеков // Экономическая серия Вестника Евразийского Национального университета имени Л. Н. Гумилева. – 2020. – №. 2. – С. 147-159. – DOI 10.32523/2079-620X-2020-2-147-159

11 **Peleckiene, V. et al.** The relationship between insurance and economic growth: evidence from the European Union countries // Economic research-Ekonomska istraživanja. – 2019. – Vol.32. – № 1. – P. 1138–1151. – <https://doi.org/10.1080/1331677X.2019.1588765>.

12 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. ҚРҰБ-нің нормативтік құқықтық актілері. – [Электронный ресурс]. <https://nationalbank.kz/kz/page/obsuzhdenie-proektov-npa> (Қарау күні: 10.02.2024).

REFERENCES

1 **Graves, J. A., Baig, K., Buntin, M.** The financial effects and consequences of COVID-19 : a gathering storm [Text]. JAMA. – 2021. – Т. 326. – №. 19. – P. 1909–1910. – <https://doi.org/10.1001/jama.2021.18863>

2 **Lee, H. S., Zhen-Jiang, Y., Qiao-Ming, L. M.** Insurance development and economic growth [Text]. // Financial Statistical Journal. – 2022. – Vol. 5. – № 1. – DOI 10.24294/fsj.v5i1.1057

3 **Magee, S., Schilling, C., Sheedy, E.** Risk governance in the insurance sector—determinants and consequences in an international sample [Text]. //

Journal of Risk and Insurance. – 2019. – Vol. 86. – № 2. – P. 381–413. – <https://doi.org/10.1111/jori.12218>

4 **Dal'ke, A. Ju., Masakova, S. S.** Strahovoj rynek Kazahstana: sovremennyj jetap razvitija [Insurance market of Kazakhstan: current stage of development] [Text]. Problemy sovremennoj nauki i obrazovanija. – 2016. – №. 10 (52). – P. 62–65.

5 **Odinokova, T. et al.** Assessment of the financial stability of the Russian life insurance model [Text]. Amazonia Investiga. – 2022. – Vol. 11. – № 55. – P. 285–296. – <https://doi.org/10.34069/AI/2022.55.07.30>.

6 Qazaqstan Respublikasynyn Qarzhy narygyn retteu zhone damytu agenttigi. QR bank sektorynyn agymdagy zhagdajy. [Financial Market Regulation and Development Agency of the Republic of Kazakhstan. The current situation of the banking sector of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] : <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/activities/847?lang=kk> (Date of access: 10.02.2024).

7 Swiss Re Institute. World insurance market developments. – [Electronic resource]: <https://www.swissre.com/institute/research/sigma-research/sigma-2023-03/5-charts-wold-insurance-2023.html> (Date of access: 10.02.2024).

8 **Prokopjeva, E., Kuznetsova, N., Kalayda, S.** Insurance market development and economic growth indicators: the study of relationship in the world [Text]. Economic Annals-XXI. – 2020. – Vol.185. – <https://doi.org/10.21003/ea.V185-05>.

9 **Markhayeva, B. A., Kozbakhova, D. L.** State and problems of the Kazakhstan insurance sector development [Text]. // Methods. – Vol. 3. – P. 4–12. – <https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.35>.

10 **Sembekov, A. K.** Strahovoj rynek Kazahstana i sovremennye vyzovy [Insurance market of Kazakhstan and modern challenges] [Text]. Jekonomicheskaja serija Vestnika Evrazijskogo Nacional'nogo universiteta imeni L.N.Gumileva.- 2020. – №. 2. – P. 147–159. – <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-2-147-159>.

11 **Peleckiene, V. et al.** The relationship between insurance and economic growth: evidence from the European Union countries [Text]. Economic research-Ekonomiska istraživanja. – 2019. – Vol.32. – №1. – P. 1138–1151. – <https://doi.org/10.1080/1331677X.2019.1588765>.

12 Qazaqstan Respublikasy Ul'tyq Bankinin resmi sajty. QRUB-nin normativtik quqyqtq aktileri. [Official website of the National Bank of the Republic of Kazakhstan. Normative legal acts of RKNB] [Electronic resource]. <https://nationalbank.kz/kz/page/obsuzhdenie-proektov-npa> (Date of access: 10.02.2024).

15.03.24 ж. баспаға түсті.

01.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. О. Сыздықова, Г. Ж. Азретбергенова*

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, г. Туркестан

Поступило в редакцию 15.03.24

Поступило с исправлениями 01.04.24

Принято в печать 25.04.24

АНАЛИЗ СИТУАЦИИ КАЗАХСТАНА В МИРОВОМ СТРАХОВОМ СЕКТОРЕ

В настоящее время страховой тренд в мире набирает обороты. Страхование в Казахстане считается второй по значимости отраслью финансового сектора страны после банковского сектора. Страховые услуги играют важную роль в экономической жизни. Эти услуги помогают защитить экономические активы и в то же время увеличить корпоративные сбережения. Можно сказать, что страхование в основном снижает риски, затраты и подверженность издержкам, создает фонды и способствует поддержанию платежного баланса. Учитывая функции, выполняемые этим страхованием, страхование представляет собой финансовую отрасль, которая создает доверие с точки зрения страхователя, принимает меры, направленные на предотвращение возможного вреда, позволяет накапливать капитал в экономике и защищает национальные ценности в национальное чувство. Целью данного исследования является сравнение положения Казахстана на мировом рынке страхового сектора, который является движущей силой экономики и индикатором уровня развития. В данном контексте были проанализированы основные показатели и уровень развития страхового сектора Казахстана. Кроме того, в ходе исследования была изучена отрасль страхования жизни в Казахстане. По результатам исследования доля страхового сектора в ВВП Казахстана не превышает 2 %, в развитых странах этот показатель составляет 8-12 %. В исследовании обсуждались возможные причины низкой эффективности страхового сектора.

Ключевые слова: страховой сектор, Казахстан, страхование жизни, общее страхование, страховая премия

*A. Syzdykova, G. Azretbergenova

^{1,2}Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Republic of Kazakhstan, Turkistan

Received 15.03.24

Received in revised form 01.04.24

Accepted for publication 03.06.24

ANALYSIS OF THE SITUATION OF KAZAKHSTAN IN THE GLOBAL INSURANCE SECTOR

Currently, the insurance trend is gaining momentum in the world. Insurance in Kazakhstan is considered the second most important branch of the financial sector in the country after the banking sector. Insurance services play an important role in economic life. These services help protect economic assets while at the same time increasing corporate savings. It can be said that insurance mainly reduces risks, costs and exposure to costs, creates funds and contributes to the balance of payments. Taking into account the functions performed by this insurance, insurance is a financial sector that creates confidence from the point of view of the insured, takes measures aimed at preventing possible harm, allows the accumulation of capital in the economy and protects national values in a national sense. The purpose of this study is to compare the position of Kazakhstan in the world market of the insurance sector, which is the driving force of the economy and an indicator of the level of development. In this context, the main indicators and level of development of the insurance sector of Kazakhstan were analyzed. In addition, the research examined the life insurance industry in Kazakhstan. As a result of the research, the share of the insurance sector in the GDP in Kazakhstan does not exceed 2 %, in developed countries this figure is 8–12 %. The study discussed possible reasons for the low performance of the insurance sector.

Keywords: insurance sector, Kazakhstan, life insurance, general insurance, insurance premium

Теруге 28.05.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Мб RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4253

Сдано в набор 28.05.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

5,04 Мб RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4253

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz